

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и  
строительства  
**СБОРНИК ЦЕН НА ИНЖЕНЕРНЫЕ ИЗЫСКАНИЯ**

## **ҚҰРЫЛЫС ҮШІН ИНЖЕНЕРЛІК ІЗДЕНІСТЕРГЕ АРНАЛҒАН БАҒАЛАР ЖИНАҒЫ**

**1-бөлім Инженерлік-геодезиялық ізденістер**

## **СБОРНИК ЦЕН НА ИНЖЕНЕРНЫЕ ИЗЫСКАНИЯ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА**

**Раздел 1 Инженерно-геодезические изыскания**

**ҚР ИБЖ 8.03-04-2023  
СЦИ РК 8.03-04-2023**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі  
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті**

**Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства  
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан**

**Астана 2023**

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер  
ИНЖЕНЕРЛІК ІЗДЕНІСТЕРГЕ АРНАЛҒАН БАҒАЛАР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства  
СБОРНИК ЦЕН НА ИНЖЕНЕРНЫЕ ИЗЫСКАНИЯ

## ҚҰРЫЛЫС ҮШІН ИНЖЕНЕРЛІК ІЗДЕНІСТЕРГЕ АРНАЛҒАН БАҒАЛАР ЖИНАҒЫ

1 - бөлім Инженерлік-геодезиялық ізденістер

## СБОРНИК ЦЕН НА ИНЖЕНЕРНЫЕ ИЗЫСКАНИЯ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА

Раздел 1 Инженерно-геодезические изыскания

ҚР ИБЖ 8.03-04-2023  
СЦИ РК 8.03-04-2023

Ресми басылым  
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі  
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті  
Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства  
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

Астана 2023

## Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕГЕН	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2 ҰСЫНҒАН	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі (ҚР ӨҚМ) Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы
3 ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ	ҚР ӨҚМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 06.11.2023 жылғы № 4-нқ бұйрығымен
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ	01.01.2024 жылдан бастап

**Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.**

## Предисловие

1 РАЗРАБОТАН	АО «КазНИИСА»
2 ПРЕДСТАВЛЕН	Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан (МПС РК)
3 ПРИНЯТ И	Приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МПС РК от 06.11.2023 года № 4-нқ
ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ	с 01.01.2024 года

**Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.**

## Мазмұны

<b>Жалпы нұсқамалар.....</b>	<b>1</b>
<b>1-бөлім Құрылыс үшін кешенді инженерлік-геодезиялық ізденістерге арналған ірілендірілген бағалар .....</b>	<b>7</b>
1-тарау Жоспарлық-биіктік тірек геодезиялық желілерін құру (дамыту) кезінде кешенді инженерлік-геодезиялық ізденістерді орындауға арналған ірілендірілген бағалар .....	8
1601-0101-01 -кесте - Жоспарлық-биіктік тірек геодезиялық желілерін дамыту (құру) кезіндегі инженерлік-геодезиялық ізденістер .....	9
2-тарау Инженерлік-топографиялық жоспарларды жасау кезінде кешенді инженерлік-геологиялық ізденістерге арналған ірілендірілген бағалар .....	11
1601-0102-01-кесте - Аумақтың инженерлік-топографиялық жоспарын жасау (I бөлім) .....	14
1601-0102-02-кесте - Аумақтың инженерлік-топографиялық жоспарын жасау (II бөлім).....	21
3-тарау Желілік құрылыстарды салу үшін кешенді инженерлік-геодезиялық ізденістерге арналған ірілендірілген бағалар .....	30
1601-0103-01-кесте - Теміржол және автомобиль жолдарының инженерлік-геодезиялық ізденістері .....	32
1601-0103-02-кесте - Магистральдық құбыр өткізгіштер трассаларының инженерлік-геодезиялық ізденістері .....	33
1601-0103-03-кесте - Жер асты инженерлік желілерінің инженерлік-геодезиялық ізденістері .....	34
1601-0103-04-кесте - Электр беру мен байланыстың әуе және жер асты кабельдік желілері трассаларының инженерлік-геодезиялық ізденістері .....	35
1601-0103-05-кесте - Магистральдық және шаруашылық аралық кәріздер мен коллекторлар трассаларының инженерлік-геодезиялық ізденістері .....	37
1601-0103-06-кесте - Орағытып өту және су құбырлары бөгеттері трассаларының инженерлік-геодезиялық ізденістері .....	38
<b>2-бөлім Инженерлік-геодезиялық жұмыстардың жеке түрлеріне арналған бағалар .</b>	<b>39</b>
1-тарау Арнайы түсірілімдер .....	39
1601-0201-01-кесте - Жерүсті фототопографиялық (фототеодолиттік) түсіру .....	40
1601-0201-02 -кесте - Еңістерінің құламалығы 45°-тен астам терең және тар шатқалдарды 1:500 масштабта жерүсті фототопографиялық түсіру.....	41
1601-0201-03-кесте - Көлденең теодолиттік түсіру .....	41
2-тарау Қолданыстағы сызықтық құрылыстарды түсіру.....	44
1601-0202-01-кесте – Аралықтардағы теміржолдардың топырақ төсемінің жоспарын, профилін және элементтерін түсіру .....	45
1601-0202-02 -кесте - Топырақ төсемінің көлденең профильдерін түсіру және нивелирлеу.....	46

1601-0202-03-кесте - Қолданыстағы теміржолдарды қайта жаңарту немесе кеңейту кезінде топырақ төсемін жеке жобалау учаскелерін түсіру .....	47
1601-0202-04-кесте - Теміржолдарды электрлендіру кезінде байланыс желісі тіректерін орналастыру үшін теміржолдардың төсемін түсіру .....	48
1601-0202-05 -кесте - Электрлендірілген теміржолдардың байланыс желілерін түсіру .....	49
1601-0202-06 -кесте - Қолданыстағы автомобиль жолдарының топырақ төсемін түсіру.....	50
1601-0202-07 -кесте - Зауыт ішілік теміржолдарды түсіру .....	52
1601-0202-08-кесте - Зауыт ішілік автомобиль жолдарын түсіру .....	52
1601-0202-09 -кесте - Көпірлерге кірме жолдардың және реттеу құрылыстарының (ағыс бағыттағыш және қоршау бөгеттері, траверсалар) топырақ төсемін түсіру және нивелирлеу .....	54
1601-0202-10-кесте - Өзен түзету құрылыстарын және жағалау бекітпелерін түсіру және нивелирлеу .....	54
1601-0202-11 -кесте - ӘЖ 0,4 - 1150 кВ, әуе байланыс және радио желілерін, жерасты кабельдік электр беру желілерін және кабельдік байланыс желілерін түсіру.....	54
1601-0202-12 -кесте - Желіні қайта жайластыру үшін ӘЖ 35 - 500 кВ егжей-тегжейлі түсіру.....	56
1601-0202-13-кесте - Жобаланатын теміржол және автомобиль жолдарының қолданыстағы сызықтық құрылыстармен (жолдармен, құбыр өткізгіштермен, электр беру және байланыс әуе және жерасты кабельдік желілерімен және т.б.) қиылыстарын түсіру.....	56
1601-0202-14-кесте—Жобаланатын құбыр өткізгіштердің және электр беру мен байланыстың қазіргі жолдарымен, әуе және жер асты кабельдік желілерімен, магистральдық құбыр өткізгіштермен және басқаларымен ӘЖ түсіру .....	58
1601-0202-15-кесте - Тоннельдерді (көліктік және гидротехникалық) және жерасты жаяу жүргінші өтпелерін жоспарлы-биіктіктік түсіру .....	60
3-тарау Жерасты және жерүсті құрылыстарды түсіру, нивелирлеу және сипаттамасы ..	62
1601-0203-01-кесте - Жерасты және жерүсті құрылыстарды түсіру және нивелирлеу	62
1601-0203-02 -кесте - Жерасты және жерүсті құрылыстардың сипаттамасын жасау ..	63
1601-0203-03-кесте - Құбыр-кабель іздестіргіштің көмегімен жер асты коммуникацияларын түсіру .....	64
1601-0203-04 -кесте - Жалпы коллекторларды және өтпелі арналарды түсіру және нивелирлеу .....	65
1601-0203-05-кесте - Жерасты құрылыстар құдықтарының және жерүсті құрылыстар тіректерінің егжей-тегжейлі сипаттамасын және нобайын жасау .....	66
4-тарау Өртүрлі геодезиялық жұмыстар .....	68
1601-0204-01-кесте - Ғимаратта (құрылыс) орнатылған жоспарлы геодезиялық желі пункті орталығының координаттарын жерге түсіру .....	69
1601-0204-02-кесте - Координаттарды және дирекциялық бұрышты (бағдар) жердің бетінен жерасты жұмыстар көкжиегіне беру .....	69

1601-0204-03-кесте - Геодезиялық белгілерді дайындау және олардың қондырғысы (салу) .....	70
1601-0204-04 -кесте - Жоспарлы-биіктіктік геодезиялық жүрістерді төсеу .....	72
1601-0204-05-кесте - Жеке нүктелерді жоспарлы және биіктіктік байланыстыру .....	73
1601-0204-06-кесте - Акваториядағы жеке нүктелерді жоспарлы-биіктіктік байланыстыру .....	74
1601-0204-07 -кесте - Геофизикалық профильдердің нүктелерін бөлу және нивелирлеу .....	75
1601-0204-08-кесте - Екі жақты көлденең жақтауларды бөлу және техникалық нивелирлеу .....	76
1601-0204-09-кесте - Қолжетімсіз желілердің ұштарының ұзындықтарын және координаттарын анықтау .....	76
1601-0204-10 -кесте - Күн және Темірқазық бойынша шынайы азимутты айқындау ..	77
1601-0204-11-кесте - Жергілікті жерде қолданыстағы құбыр өткізгіш трассасын іздестіру және белгілеу, автомобиль жолдарын алдын ала барлап тексеру, ауыр салмақты жабдықты рельссіз тасымалдау бағытын таңдау .....	77
1601-0204-12-кесте - Су кедергілерінің қиылыс учаскелерін гидрологиялық-морфологиялық тексеру .....	78
1601-0204-13 -кесте - Су бұру жыраларын трассалаумен жергілікті жерде су бұру шарттарын егжей-тегжейлі тексеру .....	81
1601-0204-14-кесте - Қолданыстағы автомобиль жолдарының жабындарын және негіздерін зерттеу .....	81
1601-0204-15-кесте - Ағаш отырғызуға баға кесу .....	82
1601-0204-16 -кесте - Сызықтық ізденістер кезінде ағашқа баға кесу .....	83
1601-0204-17-кесте - Орман соқпақтары мен нысаналарды шабу .....	84
1601-0204-18-кесте - Орманданған аумақтарда топографиялық түсірілімдерді жүргізу кезінде нысаналарды шабу .....	85
1601-0204-19-кесте - Тұрғын және тұрғын емес құрылыстарды түгендеу бойынша мәліметтерді жинау .....	87
1601-0204-20-кесте - Геодезиялық құрылыс торын, ғимараттар мен құрылыстардың негізгі осьтерін бөлу .....	88
1601-0204-21-кесте. Туннельді триангуляция бұрыштарын (бағыттарын) өлшеу .....	90
1601-0204-22-кесте. Геодезиялық төртбұрышты туннельді трилатерацияның шеттерінің ұзындығын өлшеу .....	91
1601-0204-23-кесте–Туннельді полигонометрияны (туннельді триангуляцияның орнына) салу .....	92
1601-0204-24-кесте –Негізгі туннельдік полигометрияны күндік бетке салу .....	93
1601-0204-25-кесте – Жер асты полигонометриясы .....	93
1601-0204-26-кесте – Жер астын нивелирлеу .....	94
1601-0204-27-кесте – Су қоймасының жерін анықтау және және жобалық контурын түсіру .....	95
1601-0204-28 - кесте – Өзендер мен су қоймаларының лоцмандық карталарын жасау	97
1601-0204-29-кесте – Су қоймаларының лоцмандық карталарын салу .....	98

1601-0204-30-кесте – Темір жолдардың және автомобиль жолдарының құрылысына арналған трассаларды қалпына келтіру және бекіту.....	99
1601-0204-31-кесте - Зауыт ішіндегі темір жолдарды және автомобиль жолдарын бөлу .....	99
1601-0204-32-кесте - Арналардың, коллекторлардың, су құбырларының және үймежал бөгеттерінің трассаларын қалпына келтіру және бекіту.....	101
1601-0204-33-кесте - Магистралды құбыр желілерінің трассаларын қалпына келтіру және бекіту .....	102
1601-0204-34-кесте - ӘЖ 3-1150 кВ трассаларының бойымен тіреулерді орнату орындарын анықтау.....	102
1601-0204-35-кесте - Жер үстіндегі стереофотограмметриялық түсірілім материалдарын өңдеу негізінде ғимараттар мен кешендердің өлшейтін сызбаларын жасау .....	103
5-тарау Картографиялық және камеральдық геодезиялық жұмыстар .....	105
1601-0205-01-кесте–Құрастырмалы жоспарлар мен карталарды жасау .....	105
1601-0205-02-кесте - Топографиялық жоспарларды және карталарды картографиялық сызу .....	106
1601-0205-03-кесте - Фотожоспарлар мен нақтыланған фотокестелерді дайындау...	110
1601-0205-04-кесте - Аэротүсірілімдерді камеральдық байланыстыру .....	112
1601-0205-05-кесте - Аэрофототүсіру материалдарының шифрін камеральдық оқу.	112
1601-0205-06 -кесте - Аэрорадионивелирлеу деректері бойынша рельефтің кескінімен нақтыланған фотокестелерді жасау .....	113
1601-0205-07 -кесте - Аэрофототүсіру масштабында көп бағытты фотокестелерді дайындау.....	114
1601-0205-08 -кесте–Бір бағытты фотокестелерді жасау .....	115
1601-0205-09 -кесте - Желілік құрылыстарды камеральдық трассалау .....	115
1601-0205-10 -кесте–Барлық масштабтардағы топографиялық және морфометрикалық профильдерді жасау және сызу .....	117
1601-0205-11 -кесте - Сызықтық құрылыстардың бойлық профилін жасау және сызу .....	117
1601-0205-12 -кесте–Жер асты және жер үсті құрылыстарының жоспарларын жасау .....	118
1601-0205-13-кесте - Дайын топографиялық негізде салынған аумақтардың жерасты және жерүсті құрылыстарының жоспарларын жасау .....	119
1601-0205-14 -кесте - Каталогты жасау және құдықтардың (тораптар, нүктелер) экспликациясы .....	119
1601-0205-15 -кесте Бағдарламаны (нұсқаманы) жасау .....	120
1601-0205-16 -кесте - Геодезиялық жұмыстар бойынша бағдарламаны (нұсқаманы) және техникалық есепті (түсіндірме жазбаны) жасау.....	121
6-тарау Түсірілім негіздемесі пунктерінің геодезиялық координаттарын және биіктіктерін анықтау .....	122
1601-0206-01 -кесте - Түсірілім негіздемесі пунктерінің геодезиялық координаттарын және биіктіктерін анықтау .....	122

1601-0206-02 -кесте—Жекелеген қосалқы пункттердің координаттарын айқындау....	125
<b>3-бөлім Қосалқы жұмыстарға арналған бағалар .....</b>	<b>126</b>
1-тарау Қосалқы жұмыстар .....	126
1601-0301-01 -кесте—Ізденіс базаларын және радиостанцияларын ұстап тұру .....	126
1601-0301-02 -кесте - Іздестіру жабдығын монтаждау, бұзу және ұстап тұру .....	127
1601-0301-03 -кесте— Такелаждық және басқа да жұмыстар.....	127
<b>А-қосымшасы (міндетті) Шөлді және сусыз аудандарда орындалатын инженерлік ізденістерге арналған бағаларға коэффициенттер .....</b>	<b>128</b>
<b>Б-қосымшасы (міндетті) Инженерлік дала ізденістерін жүргізу үшін жылдың қолайсыз кезеңінің ұзақтығы .....</b>	<b>129</b>



## БЕЛГІ ҮШІН

---

**1-бөлім Инженерлік-геодезиялық ізденістер****Раздел 1 Инженерно-геодезические изыскания****Енгізу күні 2024-01-01****Жалпы нұсқамалар**

1 Құрылыс үшін инженерлік ізденістерге арналған бағалар жинағы. 1-бөлім. Инженерлік-геодезиялық ізденістер (бұдан әрі - Жинақ) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнама талаптарына сәйкес әзірленген және құрылыстағы мемлекеттік инвестициялардың есебінен және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен тұрғызылған объектілер бойынша инженерлік-геодезиялық ізденістердің құнын айқындауға арналған.

2 Жеке инвестициялар және мемлекеттің кепілісіз және кепілгерліксіз тартылатын заемдық қаражат есебінен инвестициялық жобаларды іске асырушы нарық субъектілері үшін жинақтың ұсынымдық сипаты бар және инженерлік-геодезиялық ізденістердің құнын айқындау кезінде анықтама материалы ретінде пайдаланылуы мүмкін.

3 Жинақ мыналардан тұрады:

- кешенді инженерлік-геодезиялық ізденістерді орындауға арналған ірілендірілген бағалар (бұдан әрі «Бағалар»);
- инженерлік-геодезиялық жұмыстардың жекелеген түрлерін орындауға арналған жекелеген бағалар (бұдан әрі «Бағалар»);
- қосалқы жұмыстарды орындауға жекелеген бағалары (бұдан әрі «Бағалар»).

4 Бағалар 2024 жыл жай-күйге есептелген.

5 Бағалар қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып, дала және камеральдық инженерлік-геодезиялық жұмыстарды жүргізудің құрамына және қазіргі заманғы технологиясына сәйкес есептелген. Бағалармен үстеме шығыстар, сметалық пайда, әлеуметтік қажеттіліктерге арналған аударымдар, салықтар мен алымдарды төлеуге арналған шығындар (ҚҚС-тан басқа) ескерілген.

Дала жұмыстарына арналған бағалар қызметкерлерге іссапар немесе дала ризығын төлеумен экспедициялық жағдайларда оларды орындау үшін көзделген.

Ізденістер материалдарын камеральдық өңдеу жөніндегі бағалар қызметкерлерге іссапар немесе дала ризығын төлеусіз стационар жағдайларында оларды орындау үшін көзделген.

6 Бағалар бірдей жұмыстар үшін оңтайлы болып табылады. Экспедициялық жағдайларда орындалатын ізденістер материалдарын бастапқы өңдеу дала жұмыстарына арналған бағаларда ескерілген.

Бағаларда мыналарға арналған шығыстар ескерілген:

- а) ізденістерді жүргізуге арналған техникалық тапсырманы алу;
- б) ізденістерді жүргізу үшін қажетті шығыс деректерін зерттеу және пысықтау;
- в) шарт құжаттамасын дайындау;
- г) аспаптарды, құралдарды, жабдықтарды дайындау, тексеру және өлшем құралдарының бірлігін және дәлдігін метрологиялық қамтамасыз ету;
- д) жабдықты және құралды ағымдағы жөндеу;

- е) учаскеде жылжу кезінде жабдықты және құралды тиеу және түсіру;
- ж) ізденіс материалдарын ішкі бақылау және қабылдау;
- з) 4 данадағы ізденістердің есептік материалдарын шығару, есептік материалдардың электрондық нұсқалары; ізденіс ұйымының 1 данасы, тапсырыс үшін 2 дана және ізденіске рұқсат берген немесе оларды тіркеуді жүзеге асырған орган үшін 1 дана;
- и) тапсырыс берушіге, сондай-ақ, ізденістерге арналған рұқсатты берген немесе оларды тіркеуді жүзеге асырған органдарға белгіленген тәртіппен есептік материалдарды тапсыру;
- к) олардың сақталуына және актіні рәсімдеу үшін бақылауға арналған тұрақты геодезиялық белгілерді беру.

7 Бағаларда мыналар бойынша осы Жинақтың тиісті кестелері (нормативтері) негізінде ескерілмеген және қосымша айқындалады:

- а) ізденістерді орындайтын ұйымдардың күштерімен ізденістерді жүргізуге арналған рұқсаттарды тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша рәсімдеу;
- б) ішкі және сыртқы көлік;
- в) объектідегі жұмыстарды ұйымдастыру және жою;
- г) кеспе жолдар мен нысаналарды кесу;
- д) жасыл екпелердің таксациясы;
- е) құрылымдар мен құрылыстарға түгендеу жүргізу бойынша мәліметтер;
- ж) аз қоныстанған (биік таулы, шөлді) аудандардағы ізденістер кезінде ізденіс базалары мен радиостанцияларын ұстап тұру;
- з) арнайы ізденіс жабдығын монтаждау, бұзу және ұстап тұру;
- и) инженерлік-геодезиялық ізденістердің аралық материалдарын дайындау және тапсырыс берушіге беру;
- к) қосалқы жұмыстар.

8 Бағалар жылдың қолайлы кезеңі және ізденістер жұмыстарын жүргізудің қалыпты режимі үшін есептелген.

Арнайы режим жағдайында, сондай-ақ, жылдың қолайсыз кезеңінде ізденістердің құнын айқындау кезінде бағаларға тиісті коэффициенттер қолданылады:

- а) таулы және биік таурлы аудандарда ізденістерді орындау кезінде бағаларға 1-кестеде келтірілген коэффициенттер қолданылады.
- б) шөл және сусыз аудандарда ізденістерді орындау кезінде осы ізденістерге бағаларға А-қосымшасында келтірілген коэффициенттер қолданылады;

### 1-кесте

№	Ауданның атауы	Коэффициент
	Теңіз деңгейінен учаскенің бетінің абсолюттік биіктіктерімен таулы және биік таулы, м:	
1	1500-ден 1700-ге дейін	1,1
2	1700 астам 2000 дейін	1,15
3	2000-ден 3000-ға дейін	1,2
4	3000-нан астам	1,25

в) ізденістерді орындау кезінде:

- арнайы режиммен аумақтардағы дала жұмыстарына арналған бағаларға 1,25 коэффициенті қолданылады;
- радиобелсенділігі жылына 1 м<sup>3</sup> немесе жылына 0,1 бэр астам аудандарда - коэффициент 1,5;
- түнгі уақытта (22 сағаттан бастап 6 сағатқа дейін) дала жұмыстарының құнына 1,35 коэффициенті қолданылады;

- түнгі уақытта, радиобелсенділігі жылына 1 м<sup>3</sup> немесе жылына 0,1 бэр астам аудандарда орналасқан, арнайы режиммен аумақтарда тиісті коэффициенттер көбейтіледі.

Ескертпе—Арнайы режиммен аумақтарға онда жағдай немесе белгіленген режим бойынша ізденістер кезінде жұмыс уақытын жоғалтулармен байланысты үзілістер немесе қиыншылықтар туатын аудандар мен учаскелер жатады: шекара маңы аудандары, полигондар, әуежайлар, жарылыс жұмыстары жүргізілетін алаңдар, ауаның қатты тозандылығы бар учаскелер, жұмыс істеп тұрған құрылыс алаңдары, қазаншұңқырлар, карьерлер; экологиялық зиянды аумақтар мен кәсіпорындар, жарылыс қауіпті, зиянды және ыстық цехтар аумақтары, қорғаныс, химия, мұнайхимия, металлургия, көмір және тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарының аумақтары, магистральдық құбыр өткізгіштердің мұнай және газ айдау станциялары, режимдік кәсіпорындар, жұмыс істеп тұрған электр станциялары және кіші станциялар, электр станцияларының ашық тарату құрылғылары, кернеуі 500 кВ және астам электр берудің жұмыс істеп тұрған желілерінің бойында ені 200 м дейін жолақтар, қалалардың магистральдық көшелері (даңғылдар), теміржол станцияларының, порттардың, бөгеулердің және басқаларының аумақтары.

г) дала ізденіс жұмыстарын орындау кезінде, сондай-ақ, дала лагері жағдайында орындалатын камеральдық жұмыстар кезінде жылдың қолайсыз кезеңінде тиісті аудандарда (Б-қосымшасына сәйкес) олардың құнына 2-кестеде келтірілген коэффициенттер қолданылады.

## 2-кесте

№	Қолайсыз кезеңнің ұзақтығы, ай	Коэффициент
1	2-3,5	1,1
2	4-5,5	1,2
3	6-7,5	1,3
4	8-9,5	1,4

9 Ізденіс ұйымының (экспедициясының, партиясының, отрядының) орналасқан орнынан бастап ізденістер учаскесіне дейін және кері, сондай-ақ, жұмыстар учаскесінде тікелейізденісшілерді, жабдықтар мен материалдарды тасымалдаумен байланысты ішкі көлік бойынша шығыстар дала ізденіс жұмыстарының құнынан, ізденіс базаларын, радиостанцияларды ұстап тұру, сондай-ақ, 1601-0301-02 және 1601-0301-03-кестелердің бағалары бойынша айқындалатын ізденіс жабдығын монтаждау, бұзу және ұстап тұру бойынша шығыстарды қоса алғанда дала лагерінің жағдайында орындалатын камеральдық жұмыстардың (Жалпы нұсқаулардың 8 «а», «б», «в», «г» тармақшаларында келтірілген коэффициенттерді ескере отырып) проценттерде 3-кесте бойынша айқындалады.

## 3-кесте

№	Ізденіс ұйымының, экспедицияның, партияның немесе отрядтың базасынан ізденістер учаскесіне дейін қашықтық, км	Далалық ізденіс жұмыстарының құны кезінде % ішкі көлік бойынша шығыстар, млн. теңге.				
		1 дейін	1 астам 2 дейін	2 астам 4 дейін	4 астам 10 дейін	10 астам
1	5-ке дейін	8,75	7,5	6,25	5,0	3,75
2	5-тен астам 10-ға дейін	11,25	10,0	8,75	7,5	6,25
3	10-нан астам 15-ке дейін	13,75	12,5	11,25	10,0	8,75
4	15-тен астам 20-ға дейін	16,25	15,0	13,75	12,5	11,25
5	20-дан астам 30-ға дейін	18,75	17,5	16,25	15,0	13,75
6	30-дан астам 40-қа дейін	21,25	20,0	18,75	17,5	16,25

## 3 - кестенің соңы

№	Ізденіс ұйымының, экспедицияның, партияның немесе отрядтың базасынан ізденістер учаскесіне дейін қашықтық, км	Далалық ізденіс жұмыстарының құны кезінде % ішкі көлік бойынша шығыстар, млн. теңге.				
		1 дейін	1 астам 2 дейін	2 астам 4 дейін	4 астам 10 дейін	10 астам
7	40-тан астам 50-ге дейін	23,75	22,5	21,25	20,0	18,75
8	50-ден астам 100-ге дейін	26,25	25,0	23,75	22,5	21,25

Ескертпе:  
 1 Ішкі көлік бойынша шығыстарды мынадай жағдайларда нақты шығындар бойынша айқындауға рұқсат етіледі:  
 а) аз қоныстанған (қоныстанбаған) (биік таулы, шөлді) аудандарда дала ізденіс жұмыстарын орындау кезінде;  
 б) арнайы көлік құралдарын – ұшақтарды, тікұшақтарды, жол талғаламағыштарды, катерлерді, баржаларды, баркастарды, түйелерді, жүк артатын аттарды және басқаларын жалға алу және ұстап тұру.  
 2 Ұзындығы 100 км астам желілік құрылыстар трассаларының ізденістерін орындау кезінде 8-тармақша нормативтеріне 1,1 коэффициенті қолданылады.

10 Ізденісті орындайтын ұйымның тұрақты орналасқан жерінен бастап ізденіс экспедициясының, партиясының немесе отрядының (немесе ізденістер учаскесіне дейін) базасына дейін және кері қызметкерлердің жолымен және ізденіс жабдықтарын және жүктерді тасымалдаумен байланысты сыртқы көлік бойынша шығыстар дала ізденіс жұмыстарының, сондай-ақ, 4-кесте бойынша айқындалатын ішкі көлік бойынша шығыстарды (4-кестенің 1-ескертпесінде көзделген шығыстарды қоспағанда), сондай-ақ, базаларды және радиостанцияларды ұстап тұру, 1601-0301-02 және 1601-0301-03-кестелердің бағалары бойынша айқындалатын ізденіс жабдығын монтаждау, бұзу және ұстап тұру бойынша шығыстарды қоса алғанда экспедициялық жағдайларда орындалатын камеральдық жұмыстардың (Жалпы нұсқаулардың 8 «а», «б», «в», «г» тармақшаларында келтірілген коэффициенттерді ескере отырып) проценттерінде 4-кесте бойынша айқындалады.

## 4-кесте

№	Бір бағыттағы жол және тасымалдау қашықтығы, км	Екі бағыттағы сыртқы көлік бойынша шығыстар, дала жұмыстары, сондай-ақ, экспедициялық жағдайда орындалатын камеральдық жұмыстардың құн %, ұзақтығы, ай					
		1 дейін	2	3	6	9	12 және астам
1	25-тен астам 100-ге дейін	19,6	16,8	12,6	5,6	4,2	4,2
2	100-ден астам 300-ге дейін	28	21	18,2	8,4	7	5,6
3	300-ден астам 500-ге дейін	35	29,4	23,8	11,2	8,4	7
4	500-ден астам 1000-ға дейін	43,4	35	28	14	9,8	8,4
5	1000-нан астам 2000-ға дейін	50,4	44,8	39,2	18,2	14	9,8
6	2000-нан астам	-	54,6	50,4	39,2	30,8	23,8

Ескертпе:  
 1 Сметаларда 25 км дейін қашықтық кезінде сыртқы көлік бойынша шығыстар көзделмейді.  
 2 1-тармақшасының нормативтері ізденіс учаскесінен ізденіс ұйымының орналасқан жеріне және кері іздестіру жабдығын және қызметкерлерді күн сайынғы тасымалдаудың орынсыздығы (қызметкерлердің жолы және жүктерді тасымалдау үшін өндірістік қажеттілікпен немесе қолайсыз жағдайлармен шарттасқан) кезінде ғана қолданылады.  
 3 Ізденістердің қатынасы қиын учаскелеріне және кері қызметкерлердің жолы және жүктерді тасымалдау үшін қолайсыз жағдайлардағы ізденістердің жекелеген түрлерін орындау кезінде сыртқы көлік бойынша шығыстарды ағымдағы кезең бағаларында нақты шығындар бойынша айқындауға рұқсат етіледі.

## 4 - кестенің соңы

4 Егер, сыртқы көлік бойынша нақты шығыстар есептік шығыстардан (4-кесте бойынша айқындалатын) асқан жағдайда, онда орындаушы (ізденіс ұйымы) тапсырыс берушімен келісім бойынша олардың нақты шамасы бойынша аталған шығындарды айқындауға құқылы.

11 Арнайы іс-шараларға (альпинист-нұсқаушыларды, жол көрсетушілерді, құтқару қызметі ұйымын және басқаларын тарту) арналған ерекше күрделі табиғи жағдайларда немесе қатынасы қиын учаскелерде (биік таулы, шөлді аудандарда және т.с.) ізденістерді орындау кезінде растаушы материалдарды рәсімдеумен ағымдағы кезең бағаларында нақты шығындар бойынша айқындалатын қосымша шығыстар көзделуі мүмкін.

12 Ізденістерді орындайтын ұйымның еңбек шығындары және қызметтер көрсететін (прайс-парақтар, тарифтер, шоттар және басқалары бойынша) ұйымдардың нақты шығындары бағаларында жасалған жеке сметалық есеппен айқындалады және тапсырыс беруші мынадай шығыстарды қосымша төлейді:

- өткен жылдардың ізденістерінің аэроғарыш, картографиялық және басқа да материалдарын жинау (алу, сатып алу);
- дала жұмыстарының жекелеген түрлерін жүргізу кезінде қажетті келісулерді жүргізумен байланысты;
- жер асты коммуникацияларының жоспарымен оларды келісу кезінде пайдаланушы ұйымдардың шығындарын өтеу;
- аз қоныстанған (қоныстанбаған) (биік таулы, шөлді) аудандардағы ізденістер кезінде базаларды және радиостанцияларды жалға алу;
- арнайы ізденіс жабдығын және арнайы көлік құралдарын жалға алу;
- олардың жер учаскелеріне ізденістерді жүргізу кезінде таптаумен байланысты келтірілген материалдық шығындарды өтеумен байланысты;
- инженерлік жұмыстарды жүргізу үшін қажетті, жұмыстардың негізгі түрлеріне кірмейтін бөгде ұйымдардың қызметтерін төлеу.

13 Объектідегі жұмыстарды ұйымдастыру және жою жөніндегі шығыстар дала жұмыстарының, сондай-ақ, 3-кесте бойынша айқындалатын ішкі көлік бойынша шығыстарды (3-кестенің 1-ескертпесімен көзделген шығыстарды қоспағанда), сондай-ақ, базалар мен радиостанцияларды ұстап тұру, 1601-0301-02 және 1601-0301-03-кестелердің бағалары бойынша айқындалатын іздестіру жабдығын монтаждау, бұзу және ұстап тұру бойынша шығыстарды қоса алғанда, экспедициялық жағдайларда орындалатын камеральдық жұмыстардың (Жалпы нұсқаулардағы 8 «а», «б», «в», «г» тармақшаларындағы келтірілген коэффициенттерді ескере отырып) құнынан 6% мөлшерінде айқындалады.

Ескертпе:

1 13-тармақ бойынша айқындалатын жұмыстарды ұйымдастыру және жою бойынша шығыстар мөлшерлеріне мынадай коэффициенттер қолданылады:

2,5 – құны 500 мың теңгеге дейін ізденістер үшін немесе аз қоныстанған (қоныстанбаған) (биік таулы, шөлді) аудандарда орындалатын ізденістер (олардың құнына қарамастан) кезінде:

2,0 – құны 500 мың теңгеден астам 1200 мың теңгеге дейін ізденістер үшін;

1,5 – құны 1200-ден астам 2500 мың теңгеге дейін ізденістер үшін.

2 Жұмыстарды ұйымдастыру және жою бойынша шығыстар мөлшерлеріне үздіксіз бір жылдан астам объектідегі дала ізденістерін орындау кезінде 5-кестеде келтірілген коэффициенттер қолданылады.

## 5-кесте

№	Дала ізденістерінің ұзақтығы, ай	Коэффициент
1	12-ден астам 16-ға дейін	0,8

## 5 - кестенің соңы

№	Дала ізденістерінің ұзақтығы, ай	Коэффициент
2	16-дан астам 20-ға дейін	0,7
3	20-дан астам 24-ке дейін	0,6
4	24-тен астам	0,5

14 Осы жұмыстардың бағаларына дала ризығы немесе іссапарлар шығыстарын қызметкерлерге төлеусіз дала жұмыстарын жүргізу кезінде 0,85 коэффициенті қолданылады.

Осы жұмыстардың бағаларына дала ризығын немесе іссапар шығыстарын қызметкерлерге төлеумен экспедициялық жағдайларда ізденістердің материалдарын камеральдық өңдеуді орындау кезінде 1,15 коэффициенті қолданылады.

15 Іздестіру жұмыстарының құнына қажеттілік кезінде арттыратын коэффициенттер қолданылады:

а) осы ізденістердің құнына (9-13-тармақтары бойынша айқындалатын шығыстарды қоспағанда) ізденістердің аралық материалдарын (егер, бұл техникалық тапсырмамен немесе жұмыстар бағдарламасымен көзделген болса) тапсырыс берушіге беру 1,1 коэффициентімен қолданылады;

б) олардың құнына есептеу құрылғыларын жасанды жарықтандырумен дала жұмыстарын орындау 1,15 коэффициентімен қолданылады;

в) тиісті камеральдық жұмыстардың құнына түстегі (бояулардағы) жер асты және жер үсті құрылыстарының жоспарын жасау 1,1 коэффициентімен қолданылады;

г) тиісті камералық жұмыстардың құнына түстегі (бояулардағы) жерасты және жерүсті құрылыстардың жоспарын жасау 1,1 коэффициентпен қабылданады;

д) тиісті жұмыстардың құнына компьютерлік технологияларды қолданумен камералық және картографиялық жұмыстарды орындау 1,2 коэффициентпен қабылданады, олардың құнына екі түрдегі (электрондық (цифрлық модель) және қағаз тасығыштарда) жоспарларды (бойлық профильдер, кесіктер) жасаумен картографиялық жұмыстарды орындау 1,2 коэффициентпен қабылданады.

16 Бірнеше күрделі факторлар болған жағдайда және осыған байланысты бірнеше коэффициенттерді қолдану кезінде жалпы арттырылған коэффициент, әдетте, олардың бөлшек бөліктері мен бірлігін қосу арқылы анықталады.

Бірліктен аз бірнеше коэффициент болса, жалпы төмендетілген коэффициент оларды көбейту арқылы анықталады.

Жалпы арттырылған және жалпы төмендетілген коэффициентер көбейтіледі.

17 Шартқа қоса берілген құрылыс үшін инженерлік ізденістерге арналған жиынтық сметаға Жалпы нұсқаулардың 12-тармағында аталған жұмыстар мен қызметтерге арналған қосымша шығыстар енгізіледі.

## **1-бөлім Құрылыс үшін кешенді инженерлік-геодезиялық ізденістерге арналған ірілендірілген бағалар**

### **Жалпы ережелер**

1 Осы бөлікте мыналар үшін кешенді инженерлік-геодезиялық ізденістерді орындауға арналған ірілендірілген бағалар келтірілген:

- жоспарлық-биіктік тірек геодезиялық желілерін құру (дамыту);
- 1:200 - 1:10000 масштабында инженерлік-топографиялық жоспарларды жасау;
- желілік құрылыстарды салу.

2 Жинақтың Жалпы бөлігінде аталған жұмыстардан басқа бағалармен мынадай жұмыстарды орындауға арналған шығыстар есепке алынған:

- ізденістер бағдарламаларын жасау;
- техникалық есепті жасау;
- есептік материалдарды, оның ішінде техникалық есептерді рәсімдеу, көбейту және шығару.

3 Жинақтың Жалпы нұсқауларында келісілген жұмыстардан басқа осы бөліктің кестелерінің бағаларымен мыналарды орындауға арналған шығыстар ескерілмеген:

- аэрофототүсіру жұмыстары;
- өлшем жұмыстары;
- ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану үрдісінде жауын-шашынды, орындалатын бөлу және басқа да жұмыстарды бақылау.

4 Жинақтың осы бөлігінің кестелерінде келтірілген жұмыстардың толық емес құрамын орындау кезінде бағаларға жұмыстардың еңбек сыйымдылығын азайтуға сәйкес келетін және тапсырыс берушімен келісім бойынша қабылданған төмендетуші коэффициентті қолдану қажет.

5 Камеральдық жұмыстардың құнына техникалық есепті тапсыру кезінде 1,1 коэффициенті қолданылады.



**1-тарау Жоспарлық-биіктік тірек геодезиялық желілерін құру (дамыту) кезінде кешенді инженерлік-геодезиялық ізденістерді орындауға арналған ірілендірілген бағалар**

1 Осы тарауда жоспарлық-биіктік тірек геодезиялық желілерін құруға (дамытуға) арналған ірілендірілген бағалар келтірілген.

2 Бағалар геодезиялық жұмыстардың кешенін орындау жағдайлары күрделілігінің мынадай санаттары үшін берілген.

*Өлшемдер жүргізудің күрделілік санаты*

*I санат*

а) Орман және орман-дала аудандары, дамыған жол желісімен тау беткейлерінің жартылай жабық аудандары;

б) тас және қара жолдар, жаяу жүргіншілер мен аз қарқынды автомобиль қозғалысымен қалалардың және қала маңы кенттерінің көшелері;

в) қара жолдармен, батпақтанбаған, ішінара (30%-ға дейін) абаттандырылған ормандармен (орман жолдары тазартылған) жабылған, аз қиып өтетін немесе рельефтің ірі жазық нысандарымен жер, жағдай желілік-бұрыштық өлшемдер үшін қолайлы;

г) ниверирлеу жүрістерін салу кезінде 1 км жүріске қадалардың саны 10 астам емес, еңістер 0,02 астам емес.

*II санат*

а) Сирек жол желісімен жартылай жабық жазық немесе адырлы жер, салыстырмалы асулары 0,5 км дейін таулы жер;

б) белсенді жаяу жүргіншілер және автомобиль қозғалысымен қала көшелері; желілік-бұрыштық өлшемдерді жүргізуді қиындататын көше желісінің жүйесіз жоспарлауымен елді мекендер;

в) алаңның 50 % қиылысқан немесе жабық не ішінара батпақтанған жер;

г) құрылыстардың, қазан шұңқырлардың, үйінділердің және өзгелерінің елеулі санымен көліктің жедел қозғалысымен өнеркәсіптік және құрылыс алаңдары;

д) теміржол өткелдері, станциялар және тораптар;

е) нивелирлеу кезінде 1 км жүріске қадалардың саны 15 астам емес, еңістер 0,03 астам емес.

*III санат*

а) Биік таулы аудандар;

б) ірі қалалардың басты магистральдары;

в) толықтай жабық қиылыс орны;

г) оларда қозғалыс теңдеп артқан жүкпен немесе өзендер бойынша ғана мүмкін аз қоныстанған аудандар;

д) жаппай жабық батпақтанған учаскелер;

е) бекітілмеген төбешік құмдар, шағылдар;

ж) көліктің өте қарқынды қозғалысымен коммуникациялардың, инженерлік құрылыстардың, құрылыс техникасының және механизмдерінің және өзгелерінің өте үлкен санымен ірі өнеркәсіптік және құрылыс алаңдары;

з) ірі теміржол станциялары және тораптары;

и) ниверлеу жүрістерді салу кезінде 1 км жүріске қадалардың саны 15 және одан да астам, еңістер 0,03 астам.

*Геодезиялық орталықтар мен реперлерді отырғызудың күрделілік санаты**I санат*

- а) Жеңіл топырақ (құм, құмайт, жеңіл балшық); жабын жоқ;
- б) жұмсақ жыныстағы кірпіштен немесе тастан жасалған ғимараттар немесе құрылыстар (әктас, туф және т.б.);
- в) жердің бетіне шығатын жұмсақ құз жыныстары.

*II санат*

- а) Орташа қаттылық топырағы(құмайт, саз және т.б.); жабын-жұмыр тас төселген көше немесе қиыршық тас негізіндегі асфальт; I санаттағы тоң топырақ;
- б) бетоннан жасалған ғимараттар немесе құрылыстар;
- в) жердің бетінен төмен (0,5 м дейін) орналасқан жұмсақ құз жыныстары; күндік бетке шығып жатқан қатты құз жыныстары.

*III санат*

- а) Қатты топырақ (қатты балшық, тығыз қатты саз, малта тастарды, қиыршық тастарды енгізе отырып, балшық немесе саз; жұмыртас, құз жыныстары, құрылыс қоқысы); жабын-бетон негізіндегі асфальт; II - III санаттардағы тоң топырақтар;
- б) қатты жыныстағы табиғи тастан жасалған ғимараттар немесе құрылыстар;
- в) жердің бетінен төмен (0,5 м) орналасқан қатты құз жыныстары.

3 Жоспарлық-биіктік тірек геодезиялық желілерін жасау кезінде жұмыстар кешенінің күрделілік санаты 6-кесте бойынша айқындалады.

**6-кесте**

Өлшемдерді жүргізудің күрделілік санаты	Геодезиялық орталықтар мен реперлерді отырғызудың күрделілік санаты		
	I	II	III
I	I	II	II
II	II	II	III
III	II	III	III

**1601-0101-01 -кесте - Жоспарлық-биіктік тірек геодезиялық желілерін дамыту (құру) кезіндегі инженерлік-геодезиялық ізденістер**

*Жұмыстар құрамы*

Жоспарлық-биіктік тірек геодезиялық желілерін дамытуға (жасауға) арналған бағалар 1601-0101-01-кестеде келтірілген және мынадай жұмыстарды орындауға арналған шығыстарды ескереді: ізденістер бағдарламасын жасау; жерді алдын ала барлау; орталық геодезиялық пункттерді дайындау және отырғызу; бұрыштарды, желілерді және асуларды өлшеу; крокипунктерді жасау, дала журналдарын тексеру және өңдеу; желілердің сызбаларын жасаумен дала материалдарын, координаттар мен биіктіктерді түпкілікті камеральдық өңдеу; қажетті есептік материалдарды дайындау және шығару.

Р/с №	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Баға, теңге
	Дәлдіктің 4 классының жоспарлық тірек геодезиялық желісін дамыту (жасау) кезіндегі инженерлік-геодезиялық ізденістер:	пункт	-

## 1601-0101-01-кестенің соңы

Р/с №	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Баға, теңге
1	I күрделілік санаты - дала жұмыстары	-	263 867
2	I күрделілік санаты - камеральдық жұмыстар	-	103 094
3	II күрделілік санаты - дала жұмыстары	-	298 734
4	II күрделілік санаты - камеральдық жұмыстар	-	117 047
5	III күрделілік санаты - дала жұмыстары	-	344 633
6	III күрделілік санаты - камеральдық жұмыстар	-	134 292
	Дәлдіктің 1 разрядының жоспарлық тірек геодезиялық желісін дамыту (жасау) кезіндегі инженерлік-геодезиялық ізденістер:	пункт	-
7	I күрделілік санаты - дала жұмыстары	-	174 131
8	I күрделілік санаты - камеральдық жұмыстар	-	68 605
9	II күрделілік санаты - дала жұмыстары	-	189 954
10	II күрделілік санаты - камеральдық жұмыстар	-	74 553
11	III күрделілік санаты - дала жұмыстары	-	207 236
12	III күрделілік санаты - камеральдық жұмыстар	-	81 024
	Дәлдіктің 2 разрядының жоспарлық тірек геодезиялық желісін дамыту (жасау) кезіндегі инженерлік-геодезиялық ізденістер:	пункт	-
13	I күрделілік санаты - дала жұмыстары	-	123 930
14	I күрделілік санаты - камеральдық жұмыстар	-	48 854
15	II күрделілік санаты - дала жұмыстары	-	133 095
16	II күрделілік санаты - камеральдық жұмыстар	-	52 557
17	III күрделілік санаты - дала жұмыстары	-	142 858
18	III күрделілік санаты - камеральдық жұмыстар	-	56 036
	Дәлдіктің 4 классының биіктік тірек геодезиялық желісін дамыту (жасау) кезіндегі инженерлік-геодезиялық ізденістер:	пункт	-
19	I күрделілік санаты - дала жұмыстары	-	29 327
20	I күрделілік санаты - камеральдық жұмыстар	-	7 856
21	II күрделілік санаты - дала жұмыстары	-	39 278
22	II күрделілік санаты - камеральдық жұмыстар	-	8 866
23	III күрделілік санаты - дала жұмыстары	-	51 023
24	III күрделілік санаты - камеральдық жұмыстар	-	10 025
Ескертпе:			
1 Орталықтар мен реперлерді отырғызусыз өлшемдер жүргізудің құны 0,7 коэффициентін қолданумен 1-18-тармақшаларының және 0,4 коэффициентін қолданумен 19-24-тармақшаларының дала жұмыстарының бағалары бойынша айқындалады.			
2 Жерсерігі геодезиялық жүйелерін пайдаланумен тірек геодезиялық желілері пункттерінің координаттарын айқындаудың құны 1,3 коэффициентін қолданумен 1-18-тармақшалары бойынша айқындалады.			

## **2-тарау Инженерлік-топографиялық жоспарларды жасау кезінде кешенді инженерлік-геологиялық ізденістерге арналған ірілендірілген бағалар**

1 Осы тарауда салынбаған, салынған аумақтар, сондай-ақ, жұмыс істеп тұрған өнеркәсіптік кәсіпорындар аумақтары үшін 1:200 - 1:10000 масштабында инженерлік-топографиялық жоспарларды жасауға арналған ірілендірілген бағалар келтірілген.

2 Бағалар жұмыстарды орындау күрделілігінің мынадай санаттары үшін берілген.

### *А.Салынбаған аумақтар*

#### *I санат*

- а) Орман қолтығынсыз немесе қалың емес бұтасыз кей жерлері жабық сирек абаттандырылған орманмен, қалыпты рельефі бар жазықты жер; контурлар саны елеусіз;
- б) оқшауланған шоқылармен және төбелермен аздаған жыралармен және сайлармен елеусіз қиылысқанашық жазықты жер;
- в) контурлары анық көрінетін аздаған санымен рельефтің көрсетілген ірі нысандарымен ашық адырлы жер;
- г) тармақтардың, ескі арналардың, тарамдардың аздаған санымен ашық өзен алқабы; жеңіл өтетін батпақ;
- д) арықтардың сирек желісімен суармалы маусымдық дақылдардың учаскелерін ашу.

#### *II санат*

- а) Кей жерлері орман қолтығымен немесе қалың бұталармен көмкерілген орманмен, жыралармен және сайлармен қиылысқан жазықты жер;
- б) орман қолтығысыз немесе бұтасыз қалың емес орманмен көмкерілген рельефтің бекітілген нысандарымен адырлы жер; контурлар саны орташа;
- в) күрделілігі орташа рельефпен және контурлардың аздаған санымен ашық таулы жер;
- г) тармақтардың, ескі арналардың, тарамдардың аздаған санымен ішінара батпақтанған, жартылай жабық өзен алқабы; өтімділігі орташа батпақ;
- д) арықтар желісімен суармалы маусымдық дақылдардың жартылай жабық учаскелері және бақтармен және жүзімдіктермен көмкерілген жазықты аймақтар;

#### *III санат*

- а) Орман қолтығымен қалың орман басқан елеулі жыралмен және сайлармен қиып өткен, жазықты немесе адырлы жер;
- б) үйінділермен және дауыл құлатқан ағаштармен батпақтанған орманмен толық жабылған жер; шөп басқан, батпақтанған; күрделі рельефпен шөлейт аудандар;
- в) рельефтің күрделі нысандарымен ағашы жоқ таулы жер; таулы еңістердегі бақтар мен жүзімдіктердің аумақтары;
- г) тармақтардың, ескі арналардың, тарамдардың үлкен санымен, толықтай шөп басып кеткен, күрделі микрорельефпен өзен алқабы, батпақтанған; өтуі қиын батпақ;
- д) арықтардың қалың желісімен суармалы маусымдық дақылдардың (бақтардың) жабық учаскелері.

*Б.Салынған аумақтар*

*I санат*

а) жер асты коммуникацияларының, рельстік жолдардың, жеке тұрған ағаштармен газондардың аздаған санымен қарапайым жағдайдағы қала жолдары, көлік және жаяу жүргіншілер қозғалыс әлсіз;

б) қарапайым конфигурациямен, жер асты және жер үсті коммуникацияларының сирек желісімен, отырғызылымдардың және жағдайдың басқа да элементтерінің шағын санымен салумен орам ішілік аумақтар;

в) сирек құрылыспен, дұрыс жоспарлаумен және бақтардың, жидектік жердің аздаған санымен ауылдық елді мекендердің аумақтары.

*II санат*

а) Күрделігі орташа жағдаймен, жер асты және жер үсті коммуникацияларының, рельстік жолдардың, ағаштармен газондардың дамыған желісімен қала жолдары, қарқында көлік және жаяу жүргіншілер қозғалысы;

б) жер асты және жер үсті коммуникацияларының дамыған желісімен, ағаштардың аздаған санымен немесе жер асты және жер үсті коммуникацияларының сирек желісімен және аулалық құрылыстардың, қақпалардың, ағаштардың аздаған санымен тығыз құрылыспен қарапайым конфигурациядағы құрылыспен орам ішілік аумақтар;

в) орташа салынуымен, жоспарлаудың күрделі конфигурациясымен ауылдық елді мекендердің аумақтары және дұрыс жоспарлаумен шағын қалалар мен кенттердің аумақтары; бақтар мен жедектік жердің аумақтары.

*III санат*

а) Күрделі жағдаймен, жер асты, жердегі және жер үсті коммуникацияларының, рельстік жолдарымен қалың желісімен, ағаштармен газондардың үлкен санымен күрделі жағдайдағы қала жолдары, көлік және жаяу жүргіншілер қозғалысы өте қарқынды;

б) құрылыстардың, қақпалардың, ағаштардың үлкен санымен, жер асты және жер үсті коммуникацияларының қалың желісімен күрделі құрылыстың қалың құрылысымен орам ішілік аумақтар;

в) өте күрделі жоспарлаумен немесе таулы жердегі (курорт-қалалар, таулардағы қалалар) бытыратын орналастырылған құрылыспен қалың салумен ауылдық елді мекендердің немесе шағын қалалардың аумақтары.

*В.Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың аумақтары*

*I санат*

а) Жеке тұрған ғимараттар мен құрылыстардың аздаған санымен, цехтарды қоймалармен және жүк алаңдарымен байланыстыратын шаруашылық аралық көлік желілерінің қалың емес желісімен, алаң ішілік жолдар мен жер үсті коммуникацияларының сирек желісімен өнеркәсіптік кәсіпорындар мен мал шаруашылығы кешендерінің аумақтары; жер асты құрылыстарының болмауымен және жер асты коммуникацияларының аздаған санымен байланысты алаң жері ашық; рельеф жазықты, жайпақты дөңді;

б) аздаған жол дамуымен (5 жолға дейін) теміржол станцияларының, разъездердің, басып озу және аялдама пункттерінің аумақтары;

в) теңіз және өзен порттарының, кеме жөндеу зауыттарының және шеберханалардың аумақтары; қоршау және айлақ құрылыстарының, механикаландырылаған көлік тиеу желілерінің, су, теміржол және автомобиль тәсілдерінің аздаған санымен жүк айналымы

жылына 50,0 мың тонна немесе жолаушылар жылына 10 мыңға дейін паромдық өткел аудандары; алаң ішіндегі жер ашық;

г) тереңдігі 20 м дейін құрылыс материалдарының кеніштерінің, карьерлерінің және қазан шұңқырлардың, жолдардың және үйінділердің шағын санымен құрылыс алаңдарының аумақтары; қосалқы ғимараттар мен құрылыстар саны 10 аспайды;

д) азаматтық авиация әуежайлары және аэродромдарының аумақтары– ұшақтардың тұрақтарының орнының, жерде жүргізу жолының және жасанды жабынмен басқа да алаңдардағы аздаған санымен, V классының сыныпталған әуежайлары мен аэродромдары, «Е» және «Д» класстарының аэродромдары, алаң ішілік автожолдардың, өндірістік өткізгіштердің және инженерлік желелердің сирек желісімен сағатына 100 жолаушы дейін өткізу қабілетімен аэровокзалдары;

е) эстакадалық кеңістікпен салынбаған бір деңгейдегі эстакадалар мен өтпе жолдардың тіке учаскелері, автомобиль қозғалысының жиілігі аз ғана, нашар көріну аймағының болмауы.

## *II санат*

а) тығыздығы орташа алаң ішілік жолдар мен жер үсті коммуникацияларының желісімен, қоймалармен және жүк алаңдарымен цехтарды байланыстыратын шаруашылық аралық көлік желілерінің тығыз емес желісімен құрылыстың тығыздығы 50%-ға дейін өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтары; жер асты құрылыстарының және жер асты коммуникацияларының аздаған санымен;

б) 5-тен астам жолдар санымен аралық теміржол станцияларының аумақтары; учаскелік және жолаушылар аймақтық теміржол станциялары; метрополитендердің жүрүсті станциялары;

в) теңіз және өзен порттарының, кеме жөндеу зауыттарының және шеберханалардың аумақтары; жүк айналымы 50-ден астам 150,0 мыңға дейін тонна/жыл немесе 10-нан астам 50 мыңға дейін жолаушы/жыл, күрделі конфигурациялы қоршау және айлақтық құрылыстардың аз санымен паромдық өткелдер, механикаландырылған көліктік қайта тиеу желілері, су, теміржол және автомобиль кірме жолдарының аудандары;

г) кеніштердің, тереңдігі 20-дан астам 30 м дейін құрылыс материалдары карьерлерінің аумақтары және қосалқы ғимараттар мен құрылыстардың саны 10-нан астам 15-ке дейін қазаншұңқырлар, жолдар және үйінділердің аз санымен құрылыс алаңдары;

д) ұшақтардың тұрақ орындарымен, рулеждік жолдармен және жасанды жабыны бар арнайы мақсаттағы басқа да алаңдармен азаматтық авиация әуежайларының және әуеайлақтарның - III - IV сыныптар әуежайларының, «В» және «Г» сыныптары әуеайлақтарының аумақтары; негізгі және қосалқы құрылыстар саны 15-ке дейін, өткізу қабілеті 100-ден астам 200-ге дейін жолаушы/сағат аэровокзалдар және алаң ішілік автожолдардың тығыздығы орташа желілер, өнеркәсіптік өткізгіштер және инженерлік желілер;

е) автомобиль қозғалысының қарқындылығы орташа салынған эстакада астындағы кеңістікпен бір деңгейдегі эстакадалар және жолөтпелер; автомобиль қозғалысының қарқындылығы орташа салынбаған эстакада астындағы кеңістікпен 2 деңгейге ие эстакадалар және жолөтпелер, көрінуі нашар аймақтардың болмауы.

## *III санат*

а) цехты қоймалармен және жүк алаңдармен байланыстыратын шаруашылық аралық көліктік желілердің жиі желісімен, алаң ішілік желілер, жолдар және жерүсті коммуникациялардың жиі желісімен, жерасты құрылыстардың көп санымен және жерасты коммуникациялардың тығыз желісімен құрылыс салу тығыздығы 50 %-дан астам өнеркәсіптік кәсіпорындардың аумақтары;

б) техникалық, сұрыптау, тораптық және ірі жолаушылар теміржол станцияларының аумақтары, сұрыптау төбешіктерімен, жерасты коммуникациялардың жиі желісімен сұрыптау станциялары; метрополитендердің жерасты станциялары;

в) теңіз және өзен порттарының, кеме жөндеу зауыттарының және шеберханалардың аумақтары; күрделі конфигурациялы қоршау және айлақтық құрылыстармен, механикаландырылған көліктік қайта тиеу желілерінің, су, теміржол және автомобиль кірме жолдарының жиі желісімен жүк айналымы 150,0 мыңнан астам тонна/жыл немесе 50 мыңнан астам жолаушы/жыл паромдық өткелдердің аудандары;

г) кеніштердің, тереңдігі 30 м астам құрылыс материалдары карьерлерінің аумақтары және қосалқы ғимараттар мен құрылыстардың саны 15-тен астам қазаншұңқырлар, жолдар және үйінділердің көп санымен құрылыс алаңдары;

д) ұшақтардың тұрақ орындарымен, рулеждік жолдармен және жасанды жабыны бар арнайы мақсаттағы басқа да алаңдармен азаматтық авиация әуежайларының және әуеайлақтарының - II және I сыныптар әуежайларының, «Б» және «А» сыныптары әуеайлақтарының аумақтары; негізгі және қосалқы құрылыстар саны 15-тен астам, өткізу қабілеті 200-ден астам жолаушы/сағат аэровокзалдар және алаңшылық автожолдардың тығыздығы орташа желілер, өнеркәсіптік өткізгіштер және инженерлік желілер;

е) автомобиль қозғалысының қарқындылығы жоғары салынған эстакада астындағы кеңістікпен 2 деңгейге ие эстакадалар және жолөтпелер; автомобиль қозғалысының қарқындылығы жоғары салынбаған немесе салынған эстакада астындағы кеңістікпен 3 және одан астам деңгейлерге ие эстакадалар және жолөтпелер, көрінуі нашар аймақтардың болуы.

Ескертпе—Инженерлік-топографиялық жоспарларды жаңарту кезіндегі күрделілік санаты:

I санат. I күрделілік санатындағы инженерлік-топографиялық жоспарларға арналған жағдай мен рельефтің өзгерістері көлемі 20 %-ға дейін құрайды.

II санат. I күрделілік санатындағы инженерлік-топографиялық жоспарларға арналған жағдай мен рельефтің өзгерістері көлемі 20 %-дан астам 35 %-ға дейін немесе II күрделілік санаты жоспарларында 20 %-ға дейін құрайды.

III санат. II және III күрделілік санатындағы инженерлік-топографиялық жоспарларға арналған жағдай мен рельефтің өзгерістері көлемі 35 %-ға дейін құрайды.

35 %-дан астам инженерлік-топографиялық жоспар учаскесіндегі жағдай мен рельефтің өзгерістері көлемі кезінде инженерлік-топографиялық жоспардың учаскесін қайтадан жасау жүргізіледі.

## **1601-0102-01-кесте - Аумақтың инженерлік-топографиялық жоспарын жасау (I бөлім)**

### *Жұмыстар құрамы*

1:500 - 1:10000 масштабтарында инженерлік-топографиялық жоспарларды жасауға арналған бағалар 1601-0102-01, -02 -кестеде келтірілген және мынадай жұмыстарды орындауға арналған шығыстарды ескереді: ізденістер бағдарламасын жасау; учаскені алдын ала барлау; желі нүктелерін бекітумен және оны шығыс пункттеріне байланыстырумен жоспарлық-биіктік түсіру желісін жасау; желі кестесін жасау және түсіру желісі нүктелерінің координаттары мен биіктіктерін есептеу; планшеттерді дайындау және жағдай элементтерін және рельефті егжей-тегжейлі түсірумен түсіру желісінің нүктелерін қоюландыру бойынша жұмыстарды орындау; орамдар мен жекелеген күрделі ғимараттар мен құрылыстардың бұрыштарын үйлестіру; жер асты коммуникацияларының шығуларын және жер үсті негіздемелерінің нивелирлеу және түсіру, құдықтар мен жер үсті коммуникацияларын зерттеу; биіктіктер мен контурлардың калькаларымен инженерлік-топографиялық жоспарды (жер асты коммуникацияларын енгізбестен) жасау, жиектеме бойынша жиынтық; жоспар көшірмелерін түзету және дайындау; формулярды толтыру; қажетті есеп материалдарын дайындау және шығару.

Р/с №	Жұмыстардың атауы	Өлшем бірлігі	Баға, теңге
